

А.Қ. Таусоғарова^{1*} , А.К. Бакытжанова² 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі жанындағы Заңнама және құқықтық ақпарат институты, Лингвистика орталығы, Астана, Қазақстан

*e-mail: ayauzhan1971@gmail.com

ВЕРБАЛДЫ ЭКСТРЕМИСТІК МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ САРАПТАМАСЫ

Вербалды экстремизм бойынша лингвистикалық сараптаманың теориялық және практикалық негіздеріне байланысты зерттеулер түрлі елдердегі жағымсыз саяси жағдайлардың алдын алу, мемлекеттік қауіпсіздік мәселелері шешімінде сұранысқа ие. Сондықтан массмедиа құралдары арқылы көпшілікке таралатын экстремистік сипаттағы конфликтогенді жарияланымдарды тілдік өнім ретінде зерттеу юрислингвистика, лингвоэкспертология сияқты ғылым салаларын дамыту үшін ғана емес, сонымен қатар мемлекет қауіпсіздігі деңгейінде де өзекті болып табылады. Соған байланысты мақалада жалпы экстремизм түсінігі және вербалды экстремизмнің тілдік өнім ретіндегі белгілері, вербалды экстремистік даулы материалдар бойынша сот істерінде лингвист-сарапшының біліктілік құзыретіне енетін сұрақтар қарастырылады. Тіл және құқық салаларының тоғысында табылатын вербалды экстремизм терминінің мәнісі Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының және Қылмыстық кодекстің сәйкес баптары негізінде талданылады. Саяси ұйымдар, идеологиялық және діни бірлестіктер немесе діни сенім-нанымдар, ұлттық немесе діни салттарға байланысты сыни мәлімдемелер я конфликтогенді жарияланымдар мен вербалды экстремизм ұғымдарының өзара айырмашылықтары жүйеленеді. Сондай-ақ вербалды экстремизм және өшпенділік тілі ұғымдарын өзара саралауға байланысты зерттеу нәтижесі сот ісіндегі вербалды экстремизм бойынша даулы материалдың лингвистикалық сараптамасының объективті шешіміне оң ықпал етеді.

Түйін сөздер: вербалды экстремизм, өшпенділік тілі, лингвистикалық экспертиза, агрессивті әрекеттерге шақыру, агрессивті әрекеттерді ақтау, иллокутивті акт.

A.K. Taussogarova^{1*}, A. Bakytzhanova²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan under the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan

*e-mail: ayauzhan1971@gmail.com

Linguistic Examination Research of Verbal Extremist Materials

Research related to the theoretical and practical foundations of linguistic examination of verbal extremism is in demand when preventing negative political situations in various countries and addressing issues of state security. Therefore, the study of extremist conflict-prone publications as a linguistic product that is distributed among the population through the media is relevant not only for the development of such fields of science as jurisprudence, linguoexpertology, but at the same time it is also relevant at the level of state security. In this regard, the article examines issues of court cases that are within the professional competence of an expert linguist, based on the general concept of extremism and signs of verbal extremism as a linguistic product, on controversial materials of verbal extremism. The meaning of the term verbal extremism, located at the intersection of the spheres of language and law, is analyzed on the basis of the relevant articles of the Law of the Republic of Kazakhstan "On Combating Extremism" and the Criminal Code. The differences between the concepts of critical statements or conflict-generating publications and verbal extremism associated with political organizations, ideological and religious associations or religious beliefs, national or religious traditions are systematized. Also, the results of the study related to the mutual differentiation of the concepts of verbal extremism and hate speech have a positive impact on the objective decision of the linguistic examination of controversial material on verbal extremism in a court case.

Keywords: verbal extremism, hate speech, linguistic expertise, call for aggressive actions, justification of aggressive actions, illocutionary act.

А.К. Таусогарова^{1*}, А.К. Бакытжанова²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Институт законодательства и правовой информации при Министерстве юстиции

Республики Казахстан, Центр лингвистики, Астана, Казахстан

e-mail: ayauzhan1971@gmail.com

Лингвистическая экспертиза вербальных экстремистских материалов

Исследования, связанные с теоретическими и практическими основами лингвистической экспертизы вербального экстремизма, востребованы при предотвращении негативных политических ситуаций в различных странах, решении вопросов государственной безопасности. Поэтому изучение экстремистских конфликтогенных публикаций как лингвистического продукта, который распространяется среди населения через средства массовой информации, актуально не только для развития таких областей науки, как юриспруденция, лингвоэкспертология, но вместе с тем актуально и на уровне государственной безопасности. В связи с этим в статье рассматриваются вопросы судебных дел, входящие в профессиональную компетенцию лингвиста-эксперта, основанные на общем понятии экстремизма и признаках вербального экстремизма как языкового продукта, на спорных материалах вербального экстремизма. Значение термина вербальный экстремизм, находящегося на стыке сфер языка и права, анализируется на основе соответствующих статей Закона Республики Казахстан «О противодействии экстремизму» и Уголовного кодекса. Систематизируются различия понятий критические высказывания или конфликтогенные публикации и вербальный экстремизм, связанные с политическими организациями, идеологическими и религиозными объединениями или с религиозными убеждениями, национальными или религиозными традициями. Также результаты исследования, связанные с взаимной дифференциацией понятий вербального экстремизма и языка ненависти, положительно влияют на объективное решение лингвистической экспертизы спорного материала по вербальному экстремизму в судебном деле.

Ключевые слова: вербальный экстремизм, язык ненависти, лингвистическая экспертиза, призыв к агрессивным действиям, оправдание агрессивных действий, иллокутивный акт.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану үдерісінде түрлі халықтар мен ұлттардың, діни бағыттардың тығыз байланысының қарқын алуымен бірге, олардың бір-бірінің мәдениетіндегі ерекшеліктеріне, діни ұстанымдарына қатысты мәдени сенделіс, төзімсіздік таныту, үрейлену (ксенофобия) сезімдері көрініс беруде. Бұл тұрғыда қайсыбір этникалық топтардың, діни бағыттардың жағымсыз образдары қамтылған, оларға қатысты жеккөрушілік сезімдері мен агрессиялық әрекеттерді қолдау мазмұнындағы ақпараттардың, яғни конфликтогенді жарияланымдардың массмедиа құралдарында таратылуы туралы айтуға болады. Жалпы мұндай мазмұндағы ақпараттар қоғамдағы әлеуметтік, этникалық, діни т.б. топтар арасында алауыздықты (араздықты) қоздыру мүмкіндігі халықтың бейбіт өміріне, сонымен қатар мемлекет тұтастығына қауіп төндіреді. Осындай жағдайды болдырмауға, оның алдын алуға кез келген мемлекет мүдделі. Және қоғамда түрлі алауыздықты қоздыру мүмкіндігіне ие экстремистік мазмұндағы ақпараттар тікелей Заңның аясында қарастырылады. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы №31 «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы осы

реализмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы осы тұрғыдан түсіндіріледі: «Осы Заң адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, конституциялық құрылыс негіздерін қорғау, Қазақстан Республикасының егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін, ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында экстремизмге қарсы іс-қимылдың құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері айқындалады» (Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы №31 «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы). Жоғарыда көрсетілген мәселелер вербалды экстремизмнің массмедиадағы көріністерінің алдын алу үшін өшпенділік тілі, тілдік экстремизм ұғымдары, олардың лингвистикалық белгілері мен лингво-сараптамасы туралы зерттеулердің өзектілігін көрсетеді.

Материалдар мен әдістер

Қазақстандық ғылым контекстінде салыстырмалы түрде жас сала қатарындағы юрислингвистика, лингвистикалық сараптама ғылымдарының концептуалдық-терминдік аппаратын құрайтын вербалды экстремизм ұғымын және

оның белгілерін анықтауда «Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы 15 маусым 2001 жылғы Шанхай конвенциясын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 сәуірдегі N 316-ІІ Заңы басшылыққа алынды, сонымен қатар массмедиа жарияланымдары да бірден бір лингвистикалық талдау материалдары қатарында қарастырылды. Материалдық әрі рухани мүдделері, идеологиялық көзқарастары бойынша әртүрлі әлеуметтік топтар, діни ағымдар, ұлттар мен этностар және олардың салттары, сонымен қатар саяси оппозициялық партиялар туралы массмедиада жарияланған сыни мәлімдемелердің я конфликтогенді жарияланымдардың лингвистикалық сараптамасы *вербальды экстремизм, өшпенділік тілі* сияқты ұғымдар арасындағы айырмашылықтарды жүйелеуге мүмкіндік береді. Мақсатқа бағытталған иллюкутивтік акт (адресатқа ықпал ету) ретінде вербалды экстремизмнің белгілері сөйлеу актілері теориясының ғылыми тұжырымдары тұрғысынан талданылды. Сондай-ақ зерттеуде сипаттау, салыстыру сияқты жалпы философиялық ғылыми әдістермен қатар, өзара сәйкес ұғымдарды ажыратуда семантикалық талдау әдісі қолданылып, қайсыбір шиеленістер туындауына түрткі болу мүмкіндігіне ие конфликтогенді сөйленістер лингвопрагматика теориясы мен әдістемесі тұжырымдарына сәйкес зерттелді.

Әдебиеттерге шолу

Вербалды экстремизм қазіргі жаһандану үдерісінде сандық технологияның дамуымен бірге әлем елдерінде аса қарқын алуына байланысты құқықтану, саясаттану, дінтану сияқты ғылымдармен қатар юрислингвистика, лингвистикалық сараптама салаларының да тікелей зерттеу нысанында өзекті мәселе ретінде қарастырылып келеді. Вербалды экстремизм түсінгі *Тілдің* түрлі әлеуметтік топтар арасында шиеленістер, қоғамда тұрақсыздықтар тудыруға бағытталатын массмедиа жарияланымдарының басты құралы ретіндегі қолданысымен тікелей байланысты. Бұл жағдайлар вербалды экстремизмді зерттеу бағыттарының жан жақтылығын көрсетеді. Сондықтан вербалды экстремизмнің жалпы түсініктері бойынша Рузавина А.К. (2021), В.Б. Боровиков, А.А. Смердов (2024) еңбектері мен Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының және Қыл-

мыстық кодекстің сәйкес баптары басшылыққа алынса, вербалды экстремизмнің лингвистикалық белгілерін анықтауда тіл және заң салалары тоғысындағы келесі зерттеушілердің ғылыми еңбектеріне кеңінен шолу жасалды: Громова Н.С. (2015, 2018), Баранов А.Н. (2018), Никишин В.Д. (2019), Грачев М.А. (2009), Вежбицкая А. (1985), Игисенов Б.К. (2018). Сонымен қатар вербалды экстремизм және өшпенділік тілі, жеккөру тілі, олардың өзара айырмашылықтары мен массмедиадағы көріністерін талдауда Алтаева А.К. (2021), Sergio Andrés Castango-Pulgarín and etc (2021), Гладилин А.В. (2013), Nazmine, Dr. Manan Khan Tareen and etc (2021), еңбектеріне шолу жасалды. Вербалды экстремизм бойынша даулы материалдардың лингвистикалық сараптамасы мәселелеріне байланысты Галяшина Е.И. (2018), Қарымсақова Р., Сванкулов А. (2019) еңбектері қарастырылды.

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі «киберкеңістік жаһандық байланыс пікір білдіру еркіндігін ұсынады. Дегенмен қазіргі әлеуметтік желілер үнемі зорлық-зомбылық хабарларын, пікірлерді және жеккөрінішті сөздерді тарату үшін теріс пайдаланылуда. Бұл нәсіл, түс, этника, жыныс, жыныстық бағдар, ұлт, дін немесе саяси қатыстылық сияқты белгілер негізінде адамды немесе топты кемсітетін кез келген коммуникация ретінде анықталып, әлеуметтік желідегі өшпенділік сөзі түрінде көрініс беруде» (Sergio Andrés Castango-Pulgarín and etc, 2021).

Бұл тұрғыда массмедиа құралдарындағы әлеуметтік, ұлттық-этникалық, діни, рулық белгілеріне қарай айырықшаланатын топтарға қатысты төзімсіздік, саяси әдептің бұзылуы, этноорталықтану немесе өзім / өзге сезімдерінің күшеюі, үрейге бой алдыру (ксенофобия) салдарында жарық көрген жағымсыз конфликтогенді материалдардың (түрлі топтар арасында шиеленістер тудыру мүмкіндігіне ие жағымсыз мазмұндағы жарияланымдар) экстремистік бағыттылығын анықтау үшін сот істеріне лингвист-сарапшы немесе лингвист-мамандар тартылады. Алайда жоғарыда аталғандай конфликтогенді материалдардың экстремистік бағыттылығын зерттеу бойынша лингвистикалық сараптаманың ғылыми-әдістемелік негізі қалыптаспағаны анық болып отыр: «... сараптама жүргізуге тартылатын түрлі ведомстволардың мемлекеттік

сот сарапшылары басшылыққа алатын бірыңғай ғылыми-әдістемелік базасы болмағандықтан, сараптама нәтижелерін өз білуінше бағалап, даулы материалдың экстремистік бағыттылығын өзінше анықтайды» (Галяшина Е.И., 2018: 28). Бұл өз кезегінде лингвист-сарапшы қорытындысының субъективтілігі туралы күманды ойға жетелейді. Және бұдан бөлек *экстремизм* терминінің дүниежүзі елдерінің құқықтық, саяси т.б. салаларындағы түсініктерін өзара салыстыра келіп, оның бірізді анықтамасының қалыптаспағанын А.К. Рузавина «Определение экстремизма в современном научном дискурсе» ғылыми мақаласында атап көрсетеді (2021: 12).

Жалпы *экстремизм* сөзінің этимологиясы туралы деректердің барлығына дерлік оның латын тіліндегі «*extremus*» сөзінен шыққанын көрсетеді. Оны қазақ тіліне аударғанда «ақырғы, соңғы, шегіне жеткен» сияқты мағыналарды білдіреді де, *экстремизм* термині «шектен шыққан көзқарастарға шынайы берілгендік» мағынасында түсіндіріледі.

Сонымен қатар «Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы 15 маусым 2001 жылғы Шанхай конвенциясын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 сәуірдегі N 316-ІІ Заңында (2014 жылы 12 сәуірде күшіне енді) *экстремизм ұғымы мына түрде анықталады: «Экстремизм билікті күшпен басып алуға немесе күшпен ұстап тұруға, сонымен қатар мемлекеттің конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге, сонымен пара пар қоғамдық қауіпсіздікке күштеп араласуға, оның ішінде жоғарыда көрсетілген мақсаттарда заңсыз қарулы құрылымдар ұйымдастыруға немесе оларға қатысуға бағытталған, және Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес қылмыс ретінде қуғындалушы қандай да болсын әрекетті білдіреді»* (Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы 15 маусым 2001 жылғы Шанхай конвенциясын бекіту туралы) Қазақстан Республикасының Заңы).

Бұл жоғарыда аталған экстремистік мақсаттарды я экстремистік идеяларды жүзеге асырудағы басты құралдардың бірі тіл болуына байланысты заң саласында және юрислингвистика ғылымында түрлі зерттеушілер, филолог-сарапшылар тарапынан бір мазмұндағы, бірақ формасы жағынан әртүрлі вербальды экстремизм (Галяшина, 2018), сөз экстремизмі (Игисенов,

2018), діни сөз экстремизмі (Никишин, 2019: 187) т.с.с. терминдер қалыптасты.

Сөз экстремизмі немесе *вербальды экстремизм* терминінің мәнісі Заңда дефинициялары берілген экстремистік материалдар, экстремистік әрекеттер ұғымдарымен байланыста қарастырғанда түсініктірек болады.

«Экстремистік мақсаттағы әрекеттер жасауға жария түрде шақыру, экстремистік ұйымдардың нышандарын насихаттау, үгіттеу және көпшілікке жария көрсету» (Қарымсақова, Сванкулов, 2019) деп түсіндірілетін экстремистік әрекеттердің құралы және «экстремистік әрекеттердің белгілерін және (немесе) оны жүзеге асыруға шақыруды қамтитын не оларды жасау қажеттігін негіздейтін немесе ақтайтын кез келген ақпараттық материалдар» (Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы 15 маусым 2001 жылғы Шанхай конвенциясын бекіту туралы) Қазақстан Республикасының Заңы) түрінде анықталатын экстремистік материалдардың құралы – тіл. Нақты айтқанда, экстремистік материал туралы жоғарыдағы анықтамада көрсетілген *шақыру, насихаттау, үгіттеу* сияқты әрекеттер тілді қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Вербальды экстремизм физикалық күш қолдану түрінде көрініс беретін экстремизмнің бастапқы кезеңі ретінде қарастырылады. Өйткені саяси, діни, ұлттық экстремизмнің нақты жағдайлары – саяси топтар арасындағы, этника я дінаралық қақтығыстар кезеңіне дейін вербалды экстремизм әрекет етеді. Яғни, «тек бір-сәттік мәнге ие нақты (физикалық күш көрсету түріндегі) қимыл-әрекет» түріндегі экстремизм көрінісіне вербалды экстремизмнің қарама-қайшы сипаты анықталады: «Вербальды экстремизм – бұл кейінге ысырылған мақсатқа жету құралы және ұзақ мерзім бойында жүзеге асырылатын үдеріс» (Громова, 2015: 52).

Вербальды экстремизм терминін құрайтын сөздер екі түрлі ғылым саласына қатысты және олардың тікелей зерттеу пәні ретінде қарастырылады. Вербальды, яғни тілдік таңбаларға негізделген адам сөзі лингвистиканың, ал заң бұзушылық көрінісі болып табылатын *экстремизм* құқық саласының қарастыратын мәселелері болып табылады. Бұл бір жағынан, вербалды экстремизм көріністері мәселесі шешімінің тоғыспалы сипатын танытады. Дегенмен вербалды

экстремизм дерегі бойынша сот ісінде құқықтанушының және филолог-сарапшының (филолог-маман) әрқайсысының өз құзыретіне енетін сұрақтар мен мәселелер шегінде ғана зерттеу жүргізу құқығы заң аясында қарастырылған. Нақты айтқанда, даулы мәтінді (сөйленісті, сөйлеу актісін) вербалды экстремизмді насихаттайтын я насихаттаймайтын тілдік өнім ретінде тұжырымдау я қылмыстық саралау филолог-сарапшының (филолог-маманның) құзыретіне енбейді. *Экстремизм* тікелей жалпықұқықтық талдау нысаны бола отырып, сол уақытта түрлеріне қарай, мысалы, вербалды, діни т.с.с., басқа арнаулы ғылыми салаларымен тоғыспалы сипаты, әсіресе, сот сараптамасын жүргізу барысында анықталады. Құқықтық аспектіде вербалды экстремизм тілдік қылмыстар қатарында қарастырылады.

Сондықтан вербалды экстремизм терминінің лингвистикалық түсініктері мен анықтамасын негізінен Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, Қылмыстық кодекске, сондай-ақ ҚР Әділет министрлігі Сот сараптамасы орталы-

ғы тарапынан бекітілген «Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты жандандыру туралы сараптамалық зерттеу әдістемесі» сияқты құжаттық мәнге ие құралдарға сүйенбей беру мүмкін емес. Сөйтіп, экстремизм және оның түрлері, экстремистік әрекеттер, экстремистік материалдар туралы заңгерлік күші бар құжаттарда берілген түсініктер негізінде аталған терминге мына түрде анықтама беруге болады: Вербалды экстремизм – «билікті күшпен басып алуға немесе күшпен ұстап тұруға, сонымен қатар мемлекеттің конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге, сонымен пара пар қоғамдық қауіпсіздікке күштеп араласуға жария түрде шақыру, экстремистік ұйымдардың нышандарын насихаттау, үгіттеу» мазмұнындағы, сонымен қатар «ұлттық, діни, әлеуметтік, нәсілдік, рулық қатыстылығына қарай оларға қарсы заң тұрғысынан айыпталатын әрекеттерді ақтау, негіздеу және сол әрекеттерге шақыру» (Қарымсақова, Сванкулов, 2019) мазмұнындағы нақты мақсатқа бағытталған тілдік өнім (иллокутивті сөйлеу актісі, сөйленіс) (Кесте 1).

1-кесте – Вербалды экстремизмнің сипаттамасы

Вербалды экстремизм	Ауызша я жазбаша формада масс-медиа құралдары арқылы көпшілікке таратылған, кайсыбір мақсатқа бағытталған иллокутивті акт	«билікті күшпен басып алуға немесе күшпен ұстап тұруға, сонымен қатар мемлекеттің конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге, сонымен пара пар қоғамдық қауіпсіздікке күштеп араласуға, оның ішінде жоғарыда көрсетілген мақсаттарда заңсыз қарулы құрылымдар ұйымдастыруға немесе оларға қатысуға бағытталған» сөз өнімі
		ұлттық, әлеуметтік, діни араздықты немесе өшпенділікті қоздыруға бағытталған
		адам құқығына қайшы экстремистік сипаттағы зорлық-зомбылық, күш қолдану сияқты агрессивті әрекеттерді жасауға шақыру, үндеу.
		адам құқығына қайшы экстремистік сипаттағы зорлық-зомбылық, күш қолдану сияқты агрессивті әрекеттерге тілдік құралдар көмегімен арандату, азғыру, айдап салу, шағыстыру, итермелеу;
		адам құқығына қайшы экстремистік сипаттағы зорлық-зомбылық, күш қолдану сияқты агрессивті әрекеттердің қажеттілігін тілдік құралдар көмегімен негіздеу;
		құқыққа қайшы экстремистік сипаттағы зорлық-зомбылық, күш қолдану сияқты агрессивті әрекеттерді тілдік құралдар көмегімен ақтау;
		нацистік немесе шатастыратын ұқсас белгілер мен құралдарды насихаттау

Мемлекет біртұтастығына және елдің бейбіт өміріне қауіп төндіру, азаматтардың тыныштығын бұзу сияқты заңсыз әрекеттердің орын алуына тілдік құралдар көмегімен ықпал ету мүмкіндігіне байланысты вербалды экстремистік даулы материалдар сот ісінің нысаны бола алады.

Вербалды экстремизм бойынша қозғалған сот ісі шешімінде маңызды деректер мен мәліметтерді экстремистік даулы материалдан анықтау үшін арнайы лингвистикалық (филологиялық) білім қажет етіледі. Осы тұрғыда лингвист-сарапшы шешіміне берілетін сұрақтар вербалды экстремистік материалдар бойынша сот-лингвистикалық сараптама тағайындау туралы қаулыда көрсетіледі.

Ақпарат мазмұнында әлеуметтік, этника-ұлттық, діни және рулық алауыздықты қоздыру белгілері қатарында басым жағдайларда агрессивті, зорлық-зомбылық әрекеттерді жүзеге асыруға бағытталған үндеулер, жаулық немесе жеккөрушілік қарым-қатынас қажеттігін негіздейтін я ақтайтын белгілер, агрессивті, зорлық-зомбылық әрекеттерді жүзеге асыру қажеттігін негіздейтін я ақтайтын белгілер қарастырылады (Қарымсақова, Сванкулов, 2019).

Экстремизм бойынша сот ісін жүргізуде даулы мәтіндердің коммуникативтік бағыты, коммуникативтік мақсаты және ондағы әлеуметтік, ұлттық, рулық, діни қатыстылық белгілеріне қарай айырықшаланатын топтар туралы берілетін ақпараттардың мазмұны бірдей болмайды. Бұл даулы мәтіннің объективті филологиялық зерттеуі үшін вербалды экстремизмнің тілдік белгілерінің нақты анықталуын қажет етеді.

Сөйтіп, даулы материалдардың вербалды экстремизм терминіне сәйкес негізгі белгілері мына түрде көрсетіледі:

1) әлеуметтік, ұлттық, рулық, діни қатыстылық белгілеріне қарай айырықшаланатын топқа қарсы физикалық күш көрсету, зорлық-зомбылық жасау, тіпті көзін жою әрекеттеріне үндеу мазмұнындағы сөйленістердің болуы;

2) топқа қарсы физикалық күш көрсету, зорлық-зомбылық жасау әрекетінің қажеттілігін негіздеу мазмұнындағы сөйленістер;

3) топқа қарсы орын алған физикалық күш көрсету, зорлық-зомбылық жасау әрекеттерін ақтау мазмұнындағы сөйленістердің болуы.

Түрлі топтар туралы жағымсыз ақпараттарға құрылып, тура немесе жанама түрде ұлттық немесе діни т.с.с. алауыздықты (араздықты) қоздыруға түрткі болатын, ең болмаса, жеккөру-

шілік сезімін тудыратын масс-медиадағы тілдік материалдарға қатысты “hate speech” термині ағылшынтілді елдерде, соған сәйкес ресейлік зерттеушілер тарапынан «Язык Вражды» (Гладилин, 2013), «Язык ненависти» (Громова, 2018: 249) термині қалыптасқан. Сонымен қатар “hate speech”, яғни өшпенділікті я араздықты қоздыру әрекетінің қазіргі массмедиадағы көріністері мына түрде тұжырымдалады: «Жеккөру тілі ұғымын дұрыс талдау үшін оның төрт түрлі категориясы қарастырылуы керек: жеккөру тілі және әлеуметтік желілер, діни жеккөру тілі, гендерлік жеккөру тілі және әлеуметтік желілердегі нәсілшіл жеккөрушілік тілі. Зерттеу нәтижелері Ғаламтор әлеуметтік желілерінде жасырын есімді (анонимді) қолдану мүмкіндігінің болуы өшпенділікті қоздыру әрекетінің өршуіне және оны тұтынушылар санының өсуіне әкеліп жатқанын көрсетті. Сонымен қатар шектеудің болмауына байланысты әлеуметтік желілерде діни, гендерлік, нәсілдік жеккөрушілік үрдіске айналған» (Nazmine, Dr. Manan Khan Tareen, Hannan Khan Tareen, Sidra Noreen, Muhammad Tariq, 2021: 5285).

Аталған жағдайлар объектіге қарсы міндетті түрде агрессивті әрекетке үндеу белгілерін қамтитын және тілдің қылмыстық қолданысын білдіретін вербалды экстремизмнен нақ осы тұрғыдан, яғни қылмыстық вербалды экстремизм белгілерін қамтуы барлық кезде міндетті еместігі жағынан өзгешеленеді.

Осы тұрғыда тілдің мақсат-нысанға (діни ағым, әлеуметтік топ т.б.) қарсы міндетті түрде агрессивті әрекетке үндейтін экстремистік (саяси, ұлттық, діни т.б.) бағыттағы мақсаттарды жүзеге асыру құралы ретіндегі қолданысы вербалды экстремизм тұрғысынан анықталса, тікелей экстремистік әрекеттер жасау мақсаты көзделмеген, сол уақытта әлеуметтік, ұлттық, рулық, діни қатыстылық белгілері бойынша топтар (я жеке адам) туралы жағымсыз баға, теріс ақпарат қамтылған сөйлеу өнімдеріндегі қолданысы өзара ажыратылады. Соңғы жағдайды «өшпенділік тілі» терминімен белгілеу юрислингвистика саласында үрдіс алып келеді: «*Өшпенділік тілі* терминін «ұлттық және діни алауыздықты немесе кем дегенде дұшпандықты қоздыруға тікелей және жанама ықпал ететін БАҚ мәтіндерінің жиынтығы» деп анықтайды» (Алтаева, 2021: 205).


Вербалды экстремизмі және өшпенділік тілі ұғымдарының өзара айырмашылықтарын өзара салыстыруға болады (Кесте 2).

Жоғарыдағы кесте бойынша вербалды экстремизм объектіге қарсы агрессиялық шабуыл, қатер төндіру, мүлікін жою немесе бүлдіру және т.б. (дүшпандық жағдайында) немесе оқшаулау, шеттету, құқықтарын шектеу сияқты нақты физикалық күш қолдану әрекеттерін қолдау, ақтау, негіздеу және соларды жасауға үндеу туралы мәлімдемелерге құрылған тілдік өнімдер болып табылады. Ал өшпенділік тілі объекті туралы

жағымсыз ақпараттар арқылы оқырманның я тыңдарманның жеккөрушілік сезімінің туындауына түрткі болғанымен, нақты физикалық күш қолдану әрекеттерін ақтау, негіздеу және соған үндеу туралы мәлімдемелерді қамтымауы мүмкін. Бұл тұрғыда жеккөрушілік сезімі және өшпенділік (жаулық, дүшпандық) ұғымдарының өзара семантикалық айырмашылықтарын ажырату маңыздылығы көрсетіледі (Сурет 1).

2-кесте – Вербалды экстремизм және өшпенділік тілі ұғымдарының айырмашылықтары

Вербалды экстремизм	Өшпенділік тілі
Ұлттық, діни, әлеуметтік, рулық т.б. қатыстылығына қарай оларға қарсы заң тұрғысынан айыпталатын әрекеттерді ақтау, негіздеу және сол әрекеттерге шақыру мазмұнындағы нақты мақсатқа бағытталған тілдік өнім	Ұлттық, діни, әлеуметтік, рулық т.б. қатыстылығына қарай топтар туралы <i>жағымсыз ақпараттарға құрылған</i> , тура немесе жанама түрде ұлттық немесе діни т.с.с. алауыздықты (араздықты) қоздыруға түрткі болатын, ең болмаса, жеккөрушілік сезімін тудыратын тілдік өнімдер
Объектіге қарсы зорлық-зомбылықты қолдану қажеттілігін негіздейтін және (немесе) тұжырымдайтын мәлімдемелердің болуы	Объектіге қарсы <i>манипулятивтік негіздеме (нақты дерекке негізделмеген)</i>
<i>Экстремизм белгілері бар</i>	<i>Конфликтогенді, бірақ экстремизм белгілері жоқ</i>



1-сурет – Жеккөрушілік және өшпенділік ұғымдарының семантикалық айырмашылықтары

Вербалды экстремизмнің нақты тілдік белгілері қамтылмаған, алайда этникааралық, дінаралық, әлеуметтік т.с.с. шиеленістерге түрткі болу мүмкіндігіне ие өшпенділік тілінің көріністері Р.Д. Карымсакова тарапынан конфликтогендер қатарында қарастырылады: «Конфликтоген сөйлеушінің ұлттық қатыстылық негіздемесі бойынша бөлінген адамдарға теріс, жеккөрушілік сезімі білдірілген сөйленісі болуы мүмкін; бұл пікір (баға), конфликтогенді бола отырып, жеке-леген моралдық нормаларға қарама-қайшы келуі мүмкін («Нашар ұлт жоқ, нашар адамдар бар / Нет плохих наций, есть плохие люди»), сөйлеу жосығының мәдени стереотиптеріне сәйкес келмеуі мүмкін, алайда осы орайда вербалды экстремизм белгілерін қамтымауы мүмкін» (Карымсакова, 2015: 48).

Сонымен қатар автор конфликтогенді пікір білдірудің құқыққа қайшы келмейтін мейлінше кең таралған жағдайларының заңгерлік саралануына байланысты В.Б. Боровиков, А.А. Смердов тұжырымдарын алға тартады: «Саяси ұйымдар, идеологиялық және діни бірлестіктер немесе діни сенім-нанымдар, ұлттық немесе діни салттарға байланысты сындар (сыни мәлімдемелер) **өздігінен** өшпенділікті немесе араздықты қоздыруға бағытталған әрекет ретінде қарастырылмауы тиіс» (Боровиков, Смердов, 2024: 305).

Р.Д. Карымсакова «Өздігінен қарастырылмауы тиіс» сөз орамын мына тұрғыда түсіндіреді: «тек анықталған жағдайларда, нақты айтқанда, адамдарға қарсы өшпенділік немесе жаулық қарым-қатынас қажеттілігін негіздеуге немесе оларға қарсы әрекеттерге түрткі салу тұрғысындағы мақсаттық бағыттылықтың бар екені мәтінді талдау барысында анықталған жағдайда ғана көрсетілген сын (топ туралы жағымсыз мәлімет) қанша дегенмен заңгерлік тұрғыдан араздықты қоздыруға бағытталған әрекет ретінде саралануы мүмкін» (Карымсакова, 2015: 48).

Бұл орайда «Саяси ұйымдар, идеологиялық және діни бірлестіктер немесе діни сенім-нанымдар, ұлттық немесе діни салттарға байланысты сыни мәлімдемелерді» (Боровиков, Смердов, 2024: 305) қамтитын конфликтогенді мәтіндерден объектіге қарсы өшпенділік немесе жаулық қарым-қатынас қажеттілігін негіздеуге немесе оларға қарсы агрессивті әрекеттерге түрткі салуға бағытталатын экстремистік материалдардың негізгі тілдік белгісі қатарында «үндеу» сөзі қарастырылады. **Үндеу** сөзінің саяси коммуникация және заңгерлік салалар тұрғысынан

анықталатын дефинициялары оның тұрмыстық санадағы түсініктерінен ерекшеленеді.

Үндеу сөйлеу актісінің ерекше түрі ретінде «Мен сенің Х әрекетті жасағаныңды қалаймын» (Вежбицкая, 1985: 257) деген оның ең негізгі мәнісін білдіретін анықтама болса, «үндеу – сөйлеу актісі, адресатты қоғамдық маңызды мәселе ретінде ұғынылатын (түйсінлетін) және қайсыбір идеалға қол жеткізуге септігін тигізетін қандай да бір әрекетті немесе әрекеттер жиынын орындауға түрткі салу» немесе үндеу сөйлеу актісі қоғамдық-саяси коммуникацияның бөлігі ретінде қарастырылып, сөйлеуші мен адресат саяси субъектілер немесе олардың өкілдері ретінде орын алып, сөйлеушінің адресатты өзінің күнделікті өміріндегі қайсыбір идеалдарды ескеруіне түрткі салу, ынталандыру» (Баранов, 2018: 412).

Үндеу сөйлеу актісі ҚР ҚК-тің бірнеше баптарында көрсетілетін заңсыз әрекеттердің жүзеге асуында бірден бір құрал болып табылады:

- «Басқыншылық соғысты тұтандыруға насихат жүргізу немесе жария түрде шақыру» (ҚР ҚК, 161-бап);

- «Билікті басып алуды немесе ұстап тұруды насихаттау немесе оған жария түрде шақыру, сол сияқты билікті басып алу немесе ұстап тұру не Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгерту» (ҚР ҚК, 179-бап);

- «Сепаратистік әрекет» (ҚР ҚК, 180-бап);

- «Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру» (ҚР ҚК, 256-бап).

Сөйтіп, юрислингвистика саласындағы түсініктер негізінде *үндеу* терминінің анықтамасын мына түрде тұжырымдауға болады: ауызша немесе жазбаша түрде көпшілікке таратылған ақпараттардағы субъектінің сана-сезімі мен мінез-құлқына және еркіне әсер ете отырып, оны (оларды) іс жүзіндегі заң тұрғысынан айыптала-тын қылмыстық іс-қимылдарды жасауға шақыратын сөз өнімі (сөйлеу актілері).

Сонымен қатар *үндеу* сөзінің омоним ретінде екі түрлі мағынадағы жеке-жеке ұғымдарды білдіретіні ескерілуі маңызды: а) қайсыбір адамды я топты қандай да бір әрекетті жасауға үгіттеу немесе итермелеу мақсатында құрылатын синтаксистік құрылымдар ретінде анықталатын үндеу; ә) қайсыбір лауазымды тұлғаға көпшілік атынан немесе бір құзыретті я мүдделі топ (қоғам белсенділері, ұлттың зиялы қауымы т.б.) атынан мәселе шешімі

бойынша ұсыныс айту, пікір білдіру мазмұнында ауызша я жазбаша формаларда жолдатылатын ресми құжат. Мысалы, «*Мына Таразда болып жатқан оқиғаға байланысты бүгін өз лебімізді білдіріп, Жаңаөзен Тәуелсіздік алаңына шығып, жаңағы, қазақтың азаматтарын қудаламауын өтінеміз деп, Үндеу, Үндеу жіберуіміз керек еді*». Сөйлемнің асты

сызылған компоненттерінің семантикасында Үндеудің адресаты имплицитті (жасырын) қамтылған, оны логика-семантикалық байланыс негізінде анықтауға болады: «Аталған субъектілердің қудалану я қудаланбау шешімі қандай тараптарға байланысты?» деген сұрақтың жауабы адресатты анықтайды: «Ол адресат – құзыретті орындардағы лауазымды тұлғалар».

Сот-филологиялық сараптамасы бойынша әдістемелік құралда нақты бір сөйлеу әрекетінің «экстремистік» үндеу деп танылуы үшін, оның жалпы түрде келесі лингвистикалық белгілері немесе **А – Ә – О – И** (мысалы: *Орыстар, кавказдықтарды базардан қуыңдар!*) түріндегі үндеу моделіне сәйкестігі өлшем етілетіні көрсетіледі: 1) сөйлеуші сөзінде етістіктің бұйрық райының немесе императивтің грамматикалық формасының болуы (И); 2) сөйлеуші сөзінде *құқыққа қайшы агрессивті әрекет түрін* я оған түрткі салу әрекеті туралы айтылуы (Ә); 3) сөйленісте *әрекет нысанының образының* болуы (О);

4) сөйленісте *адресат образының* болуы: әрекетті кім орындауы керек, кімді үндеп отыр (А) (Қарымсақова, Сванкулов, 2019) (Сурет 2).



2-сурет – Үндеудің тура және жанама формалары.

Экстремистік бағыттылығы бойынша даулы материалдарда адресанттың (сөйлеуші субъектінің) өзі ұсынатын әрекетке байланысты еркін білдіруі жағынан өзара ұқсас ұғымдардың ажыратылуы маңызды. Ол екі ұғым – **рекомендация** (әрекеттің жүзеге асырылуына байланысты ұсыныс, кеңес) және бір нәрсені істетуге түрткі болатын ашық я жасырын **үндеусөз** арасындағы айырмашылық мына параметр бойынша анықталады: «Рекомендацияда адамның өзін қалай ұстауы тұрғысынан императив, ұсыныс, бұйрық мәндері қамтылады. Ал үндеуде (де-

мек, әрекет жасауға қазғау салу) тұлғаға өзін ұстауының тек бір ғана мәнісі бұйырылады, басқаша ұстау нұсқаларына жол берілмейді» (Грачев, 2009: 69).

Экстремистік материалдар бойынша **үндеу** сөзін анықтаудың басты өлшемі болуы талап етіледі. Бұл жағдайдағы басты белгі: қайсыбір саяси үндеуде немесе қайсыбір әрекетті істетуге қозғау салатын я түрткі болатын сөздерде таңдау еркінің берілмеуі, анық әрі нақты түрде бір ғана әрекетті орындауға үзілді-кесілді нұсқаудың берілуі.

Қорытынды

Вербальды экстремизм, өшпенділік тілі және әлеуметтік топтар, діни ағымдар, этникалық топтар және олардың салт-дәстүрлері туралы сыни мәлімдемелерді қамтитын конфликтогенді мәтін ұғымдары мазмұндық, коммуникативтік-прагматикалық және лингвистикалық белгілері жағынан өзара ажыратылады. Және үндеу сөзі вербальды экстремизмнің басты белгісі қатарында орын ала отырып, оның компоненттеріне байланысты төмендегідей тұжырым жасалады: а) қандай да бір әрекетке шақыру, өтіну сөздері; саяси талапты білдіретін қысқа формадағы үнқатыс, сөз қатыс; ә) анықталған лингвистикалық формалары бар: бұйрық рай формасындағы етістік қатысқан синтаксистік конструкциялар; б) үндеу компоненті – адресат немесе адресант та

орын алуы мүмкін (көпше, 1 жақ), қаратпа сөз формасында (жасырын немесе ашық).

Сөйтіп, вербальды экстремизмді зерттеудің ғылыми әдістемесі сот ісі нысанындағы масс-медиада таралған даулы материалдың экстремистік бағыттылығы бойынша лингвистикалық сараптама қорытындысының объективтілігіне негіз болады.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру» бағдарламасы бойынша орындалатын ЖТН № АР19677520 «Қазақтілді масс-медиадағы конфликтогенді мәтіндер: тілдік құқықбұзушылықтың сот-лингвистикалық параметрлері» жобасы аясында жарияланып отыр.

References

- Altaeva, A.K. (2021). Oshpendilik tili – ulttyq, dini qaqtygystardyn negizi [Hate speech is the basis of national and religious conflicts]. Sbornik materialov: mezhdunarodnaja nauchno-prakticheskaja konferenciya “Tradicii i aktivnye processy v ustnoj i pis'mennoj kommunikacii jazyka / Auyzsha zhane zhazba communicationdagdy dastir men belsendi uderister”, posvjashhennaja 70-letnemu jubileju professora A.M. Aldash. [Collection of materials: international scientificpractical conference “Traditions and active processes in oral and written communication of the language / Auyzsha zhane zhazba communicationdagdy dastir men belsendi uderister”, dedicated to the 70th anniversary of Professor A.M. Aldash]. Almaty. P. 204-209 (in Kazakh).
- Baranov, A.N. (2018). Prizyv kak rechevoi akt, tipy rechevogo akta prizyva [Appeal as a speech act, types of speech act of appeal]. In Baranov A.N. Lingvisticheskaya ekspertiza teksta: teoriya i praktika: ucheb. posobie. [Linguistic Analysis of Texts: Theory and Practice: A Textbook]. Moscow. Flinta. (in Russian)
- Borovikov, V. B. (2024). Ugolovnoe pravo. Osobennaya chast': uchebnik dlya srednego professional'nogo obrazovaniya [Criminal Law. Special Part: Textbook for Secondary Vocational Education] / V. B. Borovikov, A. A. Smerdov; pod redakciei V. B. Borovikova. 7-e izd., pererab. i dop. Moskva. Izdatel'stvo Yurait. (in Russian)
- Vejbickaya, A. (1985). Rechevye akty [Speech acts]. NZL. – Vyp. 16. Lingvisticheskaya pragmatika. [Linguistic pragmatics.] M., P. 271-295. (in Russian)
- Galyashina, E.I. (2018). Ekspertiza ekstremistskih materialov: problemy metodicheskogo i informacionnogo obespecheniya [Examination of extremist materials: problems of methodological and informational support]. Vestnik Universiteta imeni O.E. Kutafina (MGYUA). [Bulletin of the O.E. Kutafin University]. Vol. 7), P. 25-41. <https://doi.org/10.17803/2311-5998.2018.47.7.025-041> (in Russian)
- Gladilin, A.V. (2013). “Yazyk vraydy” v tradicionnyh i novyh media [“Hate Speech” in Traditional and New Media]. Vestnik CHelyabinskogo gosudarstvennogo universiteta. [Bulletin of Chelyabinsk State University]. Vol. 21 (312), P. 144-153. (in Russian)
- Grachev, M.A. (2009). Yazykovoi ekstremizm. Terminologiya yazykovogo ekstremizma [Language Extremism. Terminology of Language Extremism]. Lingvokriminalistika. [Forensic Linguistics]. Nizhny Novgorod. (in Russian)
- Gromova, N.S. (2015). Verbal'nyi ekstremizm kak osobyi vid prestuplenii: pravovaya i lingvisticheskaya priroda [Verbal extremism as a special type of crime: legal and linguistic nature]. Tambov: Gramota. Vol. 11 (61), P. 51-55. (in Russian)
- Gromova, N.S. (2018). “Verbal'nyi ekstremizm” i yazyk nenavisti” v kontekste yurislilingvisticheskogo funkcionirovaniya: opyt terminologicheskogo analiza [“Verbal Extremism” and “Hate Speech” in the Context of Legal Linguistic Functioning: An Experience of Terminological Analysis]. Vestnik Kostromskogo gosudarstvennogo universiteta [Bulletin of Kostroma State University]. Vol. 24. Iss. 2. P. 248-252. (in Russian)
- Igisenov, B.K. (2018). Slovesnyi ekstremizm kak yavlenie: istoki, priznaki, interpretatsii i formy proyavleniya v tekste [Verbal extremism as a phenomenon: sources, signs, interpretations and forms of manifestation in the text]. Nacional'nye priority Rossii. [National priorities of Russia]. [Electronic resource]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/slovesnyy-ekstremizm-kak-yavlenie-istoki-priznaki-interpretatsiii-formy-proyavleniya-v-tekste/viewer>. (Date of use: 17.06.2025). (in Russian)

Karymsakova, R.D. (2015). Lingvisticheskaya bezopasnost pismennoi i ustnoi rechi [Linguistic security of written and spoken language]. Svoboda slova v ramkax zakona. Posobie dlya jurnalistov. [Freedom of speech within the law. A guide for journalists]. Almaty. Adil soz. P. 33-60. (in Russian)

Qazaqstan Respublikasınıń Qilmistiń kodeksi [The Criminal Code of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource]. URL: https://kodeksy-kz.com/ugolovnyj_kodeks/161.htm. (Date of use: 17.06.2025). (in Kazakh)

Qazaqstan Respublikasynyń 2005 jylgy 18 aqpendaǵy №31 “Ekstremizmge qarsy is-qimyl turaly” Zangy. [Law of the Republic of Kazakhstan No. 31 of February 18, 2005 “On Counteracting Extremism”]. [Electronic resource]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000031> (Date of use: 12.05.2024)

“Terorizmge, separatizmge jane ekstremizmge qarsy küres turaly 15 mausym 2001 jylgy SHanghai konvensiasyn bekıtu turaly” Qazaqstan Respublikasynyń 2002 jylgy 18 sauirdegi N 316-II Zangy [Law of the Republic of Kazakhstan dated April 18, 2002 No. 316-II “On ratification of the Shanghai Convention of June 15, 2001 on combating terrorism, separatism and extremism”]. [Electronic resource]. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000316_ (Date of use: 12.05.2024)

Qazaqstan Respublikasynyń “Ekstremizmge qarsy is-qimyl turaly” Zangy. [Law of the Republic of Kazakhstan “On Counteracting Extremism”]. [Электронный ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/>. (Date of use: 12.05.2024).

“BasqynShylyq sogysty tutandyruǵa nasihat júrgizu nemese jaria túrde Shaqyru” (QR QK, 161-bap). [“Propaganda or public call for the outbreak of a war of aggression” (Article 161 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan)]. [Electronic resource]. URL: https://kodeksy-kz.com/ugolovnyj_kodeks/161.htm (Date of use: 12.05.2024).

“Biliktı basyp aludy nemese ustap turudy nasıhattau nemese ogan jaria túrde Shaqyru, sol siaqty biliktı basyp alu nemese ustap turu ne Qazaqstan Respublikasynyń konstitusialyq qurylysyn küShtep ózgerıtu” (QR QK, 179-bap) [“Propaganda or public call for the seizure or retention of power, as well as the seizure or retention of power or the forcible change of the constitutional structure of the Republic of Kazakhstan” (Article 179 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan)]. [Electronic resource]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>. (Date of use: 12.05.2024).

“Separatistik areket” (QR QK, 180-bap). [“Separatist activity” (Article 180 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan)]. [Electronic resource]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>; (Date of use: 12.05.2024).

“Terorizmdi nasıhattau nemese terorizm aktisin jasauga jaria túrde Shaqyru» (QR QK, 256-bap) [“Propaganda of terrorism or public incitement to commit an act of terrorism” (Article 256 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan)]. [Electronic resource]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>. (Date of use: 12.05.2024).

Qarymsakova, R.D., Svankulov A.E. (2019). Aleumettik, ultyq, rulyq, nasildik, taptyq nemese dini arazdyqty jandandyru turaly ister boıynSha sot-filologialyq saraptama: qysqaSha anyqtamalyq [Forensic philological examination in cases of initiation of social, national, ancestral, racial, class or religious enmity: a short reference]. Almaty. (in Kazakh)

Nikishin, V.D. (2019). Slovesnyi religiozniy ekstremizm. Pravovaya kvalifikaciya. Ekspertiza. Sudebnaya praktika: monografiya [Verbal religious extremism. Legal qualification. Expertise. Judicial practice: monograph]. Moskva: Prospekt. (in Russian)

Ruzavina, A.K. (2021). Opredelenie ekstremizma v sovremennom nauchnom disкурse [Definition of extremism in modern scientific discourse]. Izvestiya Irkutskogo gosudarstvennogo universiteta [Proceedings of Irkutsk State University.] Seriya: Politologiya. Religiovedenie. [Series: Political Science. Religious Studies.] Vol. 35. P. 9-15. (in Russian)

“Terorizmge, separatizmge jane ekstremizmge qarsy küres turaly 15 mausym 2001 jylgy SHanghai konvensiasyn bekıtu turaly” Qazaqstan Respublikasynyń 2002 jylgy 18 sauirdegi N 316-II Zangy [Law of the Republic of Kazakhstan dated April 18, 2002 No. 316-II “On ratification of the Shanghai Convention of June 15, 2001 on combating terrorism, separatism and extremism”]. [Electronic resource]. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000316_ (Date of use: 17.06.2025). (in Kazakh)

Nazmine, D., Hannan Kh.T., Sidra N., Muhammad T. (2021). Hate Speech and social media: A Systematic Review // Turkish Online Journal of Qualitative Inquiry (TOJQI) Vol. 12, Issue 8, [Electronic resource]. URL: https://www.researchgate.net/publication/354545789_Hate_Speech_and_social_media_A_Systematic_Review (Date of use: 17.06.2025)

Sergio A.C., Natalia S.B., Luz M.T.V., Harvey M.H.L. (2021). Internet, social media and online hate speech. Systematic review. Aggression and Violent Behavior Vol. 58, P. 101-608. [Electronic resource]. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S1359178921000628> (Date of use: 17.06.2025)

Авторлар туралы мәлімет:

Таусоғарова Аяужан Қайратқызы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: aiiauzhan@mail.ru);

Бакытжанова Алтын Қуанышевна – филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі жанындағы Заңнама және құқықтық ақпарат институты, Лингвистика орталығы (Қазақстан, Астана қ., e-mail: altyn051275@gmail.com).

Information about authors:

Ayauzhan Kairatkyzy Tausogarova – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Department of General Linguistics and European Languages (Kazakhstan, Almaty, e-mail: aiauzhan@mail.ru);

Altyn Kuanyshevna Bakytzhanova – Candidate of Philological Sciences, Institute of Legislation and Legal Information under the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan, Linguistics Center (Kazakhstan, Astana, e-mail: altyn051275@gmail.com).

Сведения об авторах:

Таусогарова Аяужан Кайратовна – кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, кафедра общего языкознания и европейских языков (Алматы, Казахстан, e-mail: aiauzhan@mail.ru);

Бакытжанова Алтын Куанышевна – кандидат филологических наук, Институт законодательства и правовой информации при Министерстве юстиции Республики Казахстан, Лингвистический центр (Астана, Казахстан, e-mail: altyn051275@gmail.com).

*Келін түсті: 29 наурыз 2024 жыл
Қабылданды: 15 қыркүйек 2025 жыл*